

Көлік одағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 3 ақпандағы N 526 Заңы

Мәскеуде 1998 жылғы 24 қарашада жасалған Көлік одағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

**Көлік одағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің арасындағы
Халықаралық автомобиль қатынасы туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қыргыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі,

1998 жылғы 22 қаңтардағы Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қыргыз Республикасының және Ресей Федерациясының арасындағы Көлік одағын құру туралы келісімді басшылыққа ала отырып, халықаралық автомобиль қатынасы саласында келісілген іс-қимылдардың қажеттілігін негізге ала отырып,

Кеден одағына қатысушы мемлекеттер арасында және олардың аумақтары арқылы транзитпен автокөлік құралдарының кедергісіз өтуі үшін қолайлы жағдайды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып,

1997 жылғы 9 қазандығы (Бішкек қаласы) Жолаушылар мен теңдеме жүктің халықаралық автомобиль тасымалы туралы конвенцияның ережелерін назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Келісімге сәйкес осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында және олардың аумағы арқылы транзитпен осы мемлекеттерде тіркелген автокөлік құралдарымен жолаушылардың, теңдеме жүктің және жүктің тұрақты және тұрақсыз тасымалы жүзеге асырылады.

2-бап

Тараптардың құзыретті органдарын анықтау, осы Келісімде қолданылатын арнайы терминология осы Келісімге қоса берілген, оның ажырамас болігі болып табылатын Хаттамада келтірілген.

3-бап

1. Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасында немесе олардың аумақтары арқылы транзитпен жолаушыларды автобустармен тұрақты тасымалдау 1997 жылғы 9 қазандағы (Бішкек қаласы) Жолаушылар мен теңдеме жүктің халықаралық автомобиль тасымалы туралы конвенцияда белгіленген тәртіппен Тараптардың құзыретті органдары беретін рұқсаттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Рұқсаттар беру немесе беруден бас тарту туралы шешімді Тараптардың құзыретті органдары олардың мемлекеттерінің аумақтары арқылы өтетін сол жол участкесіне, екінші тараптың өтінімін алған қуннен бастап үш ай мерзімде қабылдайды.

4-бап

Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасында олардың аумақтары арқылы транзитпен автобустармен жолаушыларды тұрақсыз немесе тасымалдау рұқсатсыз жүзеге асырылады және нысаны Тараптардың құзыретті органдарымен келісілетін әрбір сапарға берілетін формулярмен ресімделеді.

5-бап

Жолаушыларды автобустармен тұрақты тасымалдау кезінде нысаны Тараптардың құзыретті органдарымен келісілетін белгіленген үлгідегі билет және теңдеме жүк түбіртегі беріледі.

6-бап

Тараптар мемлекеттерінің аумақтары арасында немесе олардың аумақтары арқылы Көлік одағының ішінде транзитпен автокөлік құралдарымен жүктерді тасымалдау рұқсатсыз негізде жүзеге асырылады.

7-бап

1. Тараптардың бірінің автокөлік құралдарымен екінші Тарап мемлекетінің аумағы арқылы қауіпті жүктерді тасымалдау екінші Тараптың құзыретті органы берген арнайы рұқсат бойынша жүзеге асырылады. Тараптар жыл сайын арнайы рұқсатты талап ететін қауіпті жүктердің тізбесімен алмасуды жүзеге асырады.

2. Тараптардың бірінің жукпен немесе жуксіз жүретін автокөлік құралының салмағы немесе көлемі, сондай-ақ білікке түсетін салмақтық жүктемесі екінші Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген нормадан асқан жағдайда тасымалдаушы екінші Тараптың құзыретті органының арнайы рұқсатын алуы тиіс.

3. Егер осы баптың 1 және 2-тармақтарында айтылған арнайы рұқсат тасымалдаудың белгілі бір бағытын көздесе, онда тасымалдау тек осы бағыт бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

8-бап

Осы Келісімде көзделген жүктерді тасымалдау нысаны жалпы қабылданған халықаралық үлгіге сәйкес келетін жүк құжаттамасы бойынша жүзеге асырылады.

Тараптардың күзыретті органдарының келісімі бойынша осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің арасында автокөлік құралдарымен тасымалдауды тауар-көлік құжаттамасының қарапайым бланкілерін пайдаланып жүзеге асыру рұқсат етіледі.

9-бап

1. Тараптардың халықаралық автомобиль тасымалдары саласындағы үшінші елдермен өзара қарым-қатынасы жасалған екі жақты келісімдердің негізінде реттеледі.

2. Тараптардың бірінің тасымалдаушысына екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан екі пункт арасында жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асыру рұқсат етілмейді.

10-бап

1. Осы Келісімнің негізінде тасымалдарды орындау кезінде екінші Тарап мемлекетінің аумағына әкелінетін:

а) автокөлік құралының әрбір моделі үшін көзделген қозғалтқыштың қоректендіру жүйесімен технологиялық және конструкциялық байланысқан және жасаушы зауыт орнатқан сыйымдылықтардағы жанармай;

б) тасымалдау кезінде пайдалану үшін қажетті мөлшердегі жағармай материалдары;

в) халықаралық тасымалды орындайтын автокөлік құралдарын жөндеуге арналған қосалқы бөлшектер, агрегаттар және құрал-саймандар кедендік алымдар мен баждардан өзара босатылады.

2. Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер, агрегаттар қайта алып кетуге жатады, ал ауыстырылған қосалқы бөлшектер, агрегаттар елден шығарылуы немесе жойылуы немесе екінші Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген тәртіппен тапсырылуы тиіс.

11-бап

Тараптардың бірінің мемлекетінің тасымалдаушылары екінші Тарап мемлекетінің аумағы бойынша осы Келісімнің негізінде жүзеге асыратын жолаушылар мен жүк тасымалы, сондай-ақ осы тасымалдарды орындайтын автокөлік құралдары жолдарды пайдалануға немесе ұстауға, автокөлік құралдарын иеленуге немесе пайдалануға байланысты салықтар мен алымдардан, ақысыз балама жол бар болған кезде ақылы жолдарды пайдалану үшін алымдарды қоспағанда, босатылады.

12-бап

1. Осы Келісімде көзделген тасымалдарды осы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық зандарына сәйкес халықаралық тасымалдарды жүзеге асыруға жіберілген тасымалдаушыларғана орында алады.

2. Халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын автокөлік құралдарында өз елінің тіркеу және айыру белгілері болуы тиіс.

3. Жүк автомобильдерінде немесе автомобиль тартқыштарында осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің тіркеу немесе айыру белгісі бар болған кезде тіркемелер мен жартылай тіркемелерде басқа елдердің тіркеу немесе айыру белгілері болуы мүмкін.

13-бап

Әрбір тасымалдаушы осы Келісімнің негізінде жолаушылар мен жүк тасымалын жүзеге асыратын автокөлік құралын оның автокөлік құралымен үшінші тұлғаға келтірілген залалы үшін азаматтық жауапкершілікке қатысты алдын ала сақтандыруға міндettі.

14-бап

1. Тасымалдаушы осы Келісімнің ережелерін бұзған жағдайда, мемлекетінің аумағында автокөлік құралы тіркелген Тараптың құзыретті органы мемлекеті аумағында бұзушылық орын алған екінші Тараптың құзыретті органының өтініші бойынша осы тасымалдаушыға қажетті шараларды қолдануы тиіс.

2. Тараптардың құзыретті органдары айқындалған бұзушылық және қабылданған шаралар туралы бір-бірін хабардар етеді.

15-бап

Шекаралық, кедендік және санитарлық бақылауға қатысты Тараптар олар қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың ережелерін басшылыққа алады, ал осы шарттармен реттелмеген мәселелерді шешу кезінде аумағында бақылау жүзеге асырылатын мемлекеттің заңдары қолданылатын болады.

Ауыр сырқаттарды тасымалдау, жолаушыларды автобустармен тұрақты тасымалдау, жануарларды және тез бүлінетін жүктөрді тасымалдау кезінде көрсетілген бақылау түрлері кезексіз жүргізілетін болады.

16-бап

Халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру кезінде Тараптар өз мемлекеттерінің аумақтарында Тараптардың кез келгенінің автомобиль көлігі кәсіпорындары (фирмалары) үшін олардың ұйымдық-құқықтық нысандарына және көліктік және көлік-экспедициялық қызметтерді сату саласындағы меншік нысандарына қарамастан тен жағдайды қамтамасыз етеді, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындар қуруга жәрдемдесетін болады.

17-бап

1. Автобустардың немесе жүк автомобильдерінің жүргізушилерінде, олар басқарып отырған автокөлік құралдарының санаттарына сәйкес ұлттық немесе халықаралық жүргізуши куәлігі және автокөлік құралдарына арналған ұлттық тіркеу құжаттары болуы тиіс.

2. Ұлттық немесе халықаралық жүргізуши куәліктері 1968 жылғы Жол қозғалысы туралы халықаралық конвенцияда белгіленген үлгіге сәйкес болуы тиіс.

3. Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес талап етілетін рұқсаттар мен басқа құжаттар көлік құралында болуы және Тараптардың құзыретті органдарының талабы бойынша көрсетілуі тиіс.

4. Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің құзыретті органдары берген көлік құралдарына арналған тіркеу

құжаттарын және нөмірлік белгілерін, сондай-ақ автокөлік құралын басқару құқығына арналған жүргізуші куәліктерін таниды.

18-бап

Осы Келісімнің шеңберінде жүзеге асырылатын төлемдер Тараптардың арасында төлем жасау күніне қолданылып жүрген төлемдер туралы келісімдерге сәйкес жүргізілетін болады.

19-бап

Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген автокөлік құралдарының жүргізушилері автокөлік құралы аумағында жүрген мемлекеттің заңдарын сақтауға міндettі.

20-бап

Тараптар екі жақты негізде мына салалардағы:
автомобиль көлігіндегі ғылыми-техникалық саясатты;
автомобиль көлігінің жұмысын регламенттейтін заң және басқа да нормативтік құқықтық актілердің жобаларын, стандарттар мен нормаларды әзірлеу;
жылжымалы құрамға техникалық көмек көрсету, автомобилдерге жанар-жағар май материалдарын құю үшін жағдай жасау;
авариялар кезінде көмек көрсету жұмыстарын үйлестіретін болады.

21-бап

Тараптар қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу туралы, сондай-ақ автомобиль көлігі саласында жаңа нормативтік құжаттарды бекіту туралы егер осы кезде басқа Тараптардың мүдделері қозғалатын болса бір бірін хабардар етеді.

22-бап

1. Осы Келісімнің ережелерін орындау және туындастын даулы мәселелерді шешу үшін Тараптар Арасы комиссия құрады.
2. Егер келіспеушіліктер Арасы комиссияның отырысында реттелмейтін болса, онда Тараптардың бірінің мемлекеттері құзыретті органдарының талабы бойынша олар Интеграциялық Комитеттің қарауына беріледі.
3. Арасы комиссияға, кейіннен оларды Тараптардың қарауына енгізе отырып, осы Келісімге түзетулер жасау құқығы беріледі.

23-бап

Осы Келісіммен, сондай-ақ Тараптар қатысушы болып табылатын халықаралық шарттармен реттелмеген мәселелер Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес шешілетін болады.

24-бап

Осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу барлық Тараптардың келісімі бойынша жүргізіледі және осы Келісімнің 26-бабына сәйкес күшіне енетін тиісті Хаттамамен ресімделеді.

25-бап

1. Осы Келісім Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы қатысушы болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттерін қозғамайды.

2. Осы Келісімге қол қою сәтіне Тараптар арасында жасалған халықаралық автомобиль қатынасы туралы екі жақты келісімдердің ережелері осы Келісімнің ережелеріне қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

26-бап

1. Осы Келісім белгіленбекен мерзімге жасалды, Тараптардың ұлттық зандарына қайшы келмейтін бөлігінде қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енүі үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы хабарлама депозитарий болып танылатын Интеграциялық Комитетке тапсырылған күннен бастап күшіне енеді.

2. Тараптардың әрқайсысы депозитарийді шығуынан алты ай бүрын жазбаша хабарландыру аркылы осы Келісімнен шығуға құқылыш.

Мәскеу қаласында 1998 жылғы 24 қарашада орыс тілінде бір данада жасалды. Түпнұсқа дана оның расталған көшірмесін осы Келісімге қатысуышы мемлекеттердің әркайсысына жіберетін Интеграциялық Комитетте сакталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Ресей</i>		
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Федерациясының</i>		
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>		
<i>Көлік</i>	<i>одағын</i>	<i>құру</i>	<i>туралы</i>		
<i>келісімге</i>	<i>катысушы</i>	<i>мемлекеттердің</i>			
<i>арасындағы</i>	<i>Халықаралық</i>				
<i>автомобиль</i>	<i>катынасы</i>	<i>туралы</i>			
<i>келісімге қосымша</i>					
<i>Көлік</i>	<i>одағын</i>	<i>құру</i>	<i>туралы</i>	<i>келісімге</i>	<i>катысушы</i>
<i>мемлекеттердің</i>	<i>арасындағы</i>	<i>Халықаралық</i>		<i>автомобиль</i>	
<i>катынасы</i>	<i>туралы</i>	<i>келісімдегі</i>	<i>жекелеген</i>	<i>ұфымдар</i>	<i>мен</i>
<i>терминдерді</i>		<i>қолдану</i>		<i>туралы</i>	
ХАТТАМА					

Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі төмендегілер туралы

1. Келісімде Тараптардың құзыретті органдары үғымында:

Беларусь Республикасы тарапынан - Беларусь Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (7-баптың 1-тармағы бойынша - Беларусь Республикасының Өнеркәсіпте және атом энергетикасында жұмыстарды қауіпсіз жүргізу ді қадағалау жөніндегі комитет);

Қазақстан Республикасы тарапынан - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (14-бап бойынша - Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігімен, 14, 17-баптар бойынша - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен бірлесіп);

Қырғыз Республикасы тарапынан - Қырғыз Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (7-баптың 1-тармағы бойынша - Қырғыз Республикасының Ішкі істер министрлігі);

Ресей Федерациясы тарапынан - Ресей Федерациясының Көлік министрлігі (7-баптың 2-тармағы бойынша - Ресейдің Федеральдық жол қызметі құзыретті орган болып табылады).

2. Келісімде мынадай терминдер қолданылады:

"тасымалдаушы" - Тараптардың бірінің мемлекеті аумағында тіркелген және қолданылып жүрген ұлттық зандарға сәйкес жолаушылар мен жүктөрдің халықаралық тасымалын орындауға жіберілген заңды немесе жеке тұлға;

"автокөлік құралы":

жүктөрді тасымалдау кезінде - жүк автомобилі, тіркемесі бар жүк автомобилі, автомобиль тартқышы немесе жартылай тіркемесі бар тартқыш;

жолаушыларды тасымалдау кезінде - автобус, яғни жолаушыларды тасымалдауға арналған және жүргізушінің орын қосқанда кемінде 9 отыратын орны бар автокөлік құралы, сондай-ақ жеке тенденце жүкті тасымалдауға арналған тіркемесі болуы мүмкін;

"жолаушыларды тұрақты тасымалдау" - "Тараптардың құзыретті органдарымен алдын ала келісілген кесте, тариф, қозғалыстың бастапқы және соңғы пункттері және аялдау пункттері көрсетілген жүру бағыты бойынша автобустармен жүзеге асырылатын жолаушылар тасымалы;

"жолаушыларды тұрақсыз тасымалдау" - "Жолаушыларды тұрақты тасымалдау" үғымына жатпайтын қалған барлық жолаушы тасымалы;

"үшінші мемлекет" - осы Келісімнің қатысушысы болып табылмайтын кез келген басқа мемлекет.

3. Келісімнің 15-бабында "санитарлық бақылау" термині санитарлық, мал дәрігерлік, сондай-ақ фитосанитарлық бақылауды білдіреді.

Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын осы Хаттама Мәскеу қаласында 1998 жылғы 24 қарашада орыс тілінде бір данада жасалды. Түпнұсқа дана оның расталған көшірмесін осы Келісімге қатысушы мемлекеттердің әрқайсысына жіберетін Интеграциялық Комитетте сакталады.

Беларусь *Қазақстан* *Кыргыз* *Ресей*
Республикасының Республикасының Республикасының Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін Үкіметі үшін Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК